# Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1043 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12742 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексі 139-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. "Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 843 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12381 тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Қаржы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің жауапты хатшысы А.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1043 бұйрығымен
бекітілген

# Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Ескерту. Тізілімге өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.08.2016 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі;өзгеріс енгізілді – 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 бұйрықтарымен.

| Звено | Саты | Лауазымдар атауы |
|---|---|---|
| А БЛОГЫ – Басқарушы персонал | | |
| | 1 | Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының; Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институтының; Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ұлттық орталығының; Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығының; Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталықтың (бұдан әрі – республикалық маңызы бар ММ және МҚК) басшысы |
| | 1-1 | Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары |
| А1 | 2 | Республикалық орта медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау колледжінің; "Алатау" балалар клиникалық санаторийінің; Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпитальдің; "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының; "Бурабай" республикалық оңалту орталығының; Қазақ республикалық лепрозорийінің; Жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі республикалық психиатриялық аурухананың; Республикалық арнайы медициналық қамтамасыз ету орталығының; облыстың, Астана қаласының медициналық колледжінің; облыстық аурухананың; Астана қаласының жұқпалы аурухана (ересектер және балалар) және Психикалық денсаулық проблемаларының медициналық орталығының; облыстық балалар ауруханасының; Алматы қаласының балалардың туберкулезге қарсы шипажайының; облыстық консультациялық-диагностикалық орталықтың; облыстық диспансердің; облыстық қан орталығының; облыстық оңалту орталығының облыстық перинатальдық орталықтың; облыстың, Алматы қаласының салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының; облыстың, Астана қаласының ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың; |

| | | |
|---|---|---|
| | | облыстық деңгейдегі және Алматы қаласының патологиялық-анатомиялық бюросының ( бұдан әрі – облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК) басшысы<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК филиалының басшысы |
| | 2-1 | Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшысының (медициналық бөлік жөніндегі, медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі, экономикалық жұмыс жөніндегі) орынбасары |
| | 3 | Аудандық (қалалық) аурухананың;<br>аудандық (қалалық) емхананың;<br>аудандық (қалалық) диспансердің;<br>медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының;<br>балалар үйінің;<br>туберкулезге қарсы санаторийдің;<br>оңалту орталығының;<br>паллиативтік көмек ауруханасының;<br>жедел медициналық жәрдем станциясының;<br>арнайы медициналық қамтамасыз ету базасының (бұдан әрі – аудандық маңызы бар ( облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК) басшысы |
| | 3-1 | Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшысының орынбасары |
| | 4 | |
| А2 | 1 | Республикалық маңызы бар ММ және МҚК бас бухгалтері<br>Ғалым хатшы<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшысының әкімшілік-шаруашылық бөлік және мейірген ісі жөніндегі орынбасары<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК клиникалық және параклиникалық бөлімшелерінің меңгерушілері |
| | 1-1 | Республикалық маңызы бар ММ және МҚК бас бухгалтерінің орынбасары<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК бас экономисі<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК филиалының бас бухгалтері |
| | 2 | Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК клиникалық (шұғыл кезек күттірмейтін көмек бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың, сәулелі диагностика бөлімінің, жедел медициналық көмек станциясының) және параклиникалық бөлімшелерінің меңгерушілері<br>Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтері<br>Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшысының әкімшілік-шаруашылық жұмыс және мейіргер ісі жөніндегі орынбасары |
| | 2-1 | Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтерінің орынбасары<br>Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас экономисі |
| | 3 | Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің меңгерушілері<br>Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтері<br>Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК басшысының әкімшілік-шаруашылық бөлік және мейіргер ісі жөніндегі орынбасары |
| | 3-1 | Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас бухгалтерінің орынбасары<br>Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК бас экономисі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | 4 | |
| A3 | 1 | Республикалық маңызы бар ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелер басқармасының, тобының, бөлімінің (ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс және медициналық статистика, ішкі аудит, менеджмент және сапа, ақпараттық-талдау, мониторинг және бағалау) басшысы |
| | 1-1 | Республикалық маңызы бар ММ және МҚК дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі |
| | 2 | Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелер бөлімшелерінің, қызметінің, бөлімінің (оқу-қосалқы, медициналық статистика, ұйымдастырушылық-әдістемелік және статистикалық, ақпараттық-талдау, педагогикалық) басшысы;<br>клиникалық (сәулелі диагностика, функционалдық диагностика, физиотерапия және емдік денешынықтыру, стоматология кабинеті немесе бөлімшесі) және параклиникалық бөлімшелерінің (зертханалардың) меңгерушілері |
| | 2-1 | Облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі |
| | 3 | Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК құрылымдық бөлімшелер бөлімшесінің, қызметінің, бөлімінің (оқу-қосалқы, медициналық статистика, ұйымдастырушылық-әдістемелік және статистикалық, ақпараттық-талдау, педагогикалық) басшысы;<br>клиникалық (сәулелі диагностика, функционалдық диагностика, физиотерапия және емдік денешынықтыру, стоматология кабинеті немесе бөлімшесі) және параклиникалық бөлімшелерінің (зертханалардың) меңгерушілері |
| | 3-1 | Аудандық маңызы бар (облыстық маңызы бар қаланың) ММ және МҚК дәріханасының ( дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі |
| | 4 | |
| В БЛОГЫ – Негізгі персонал | | |
| В1 | 1 | Бас ғылыми қызметкер;<br>Профессор |
| | 2 | Жетекші ғылыми қызметкер;<br>Доцент |
| | 3 | Аға ғылыми қызметкер;<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК аға әдіскері; |
| | 4 | Кеңесші;<br>Ғылыми қызметкер;<br>Республикалық маңызы бар ММ және МҚК әдіскері;<br>техникалық және кәсіптік білім алуды ұйымдастыру оқытушысы |
| | 5 | Кіші ғылыми қызметкер;<br>техникалық және кәсіптік білім алуды ұйымдастыру әдіскері;<br>техникалық және кәсіптік білім алуды ұйымдастыру мастері |
| Денсаулық сақтау | | |
| В2 | 1 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер |
| | 2 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер |
| | 3 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер |
| | 4 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер, резидент-дәрігер |
| | 1 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: кеңейтілген практика мейіргері, провизор (фармацевт) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| В3 | 2 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: кеңейтілген практика мейіргері, провизор (фармацевт) |
| | 3 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: кеңейтілген практика мейіргері, провизор (фармацевт) |
| | 4 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ: кеңейтілген практика мейіргері, провизор ( фармацевт), денсаулық сақтау саласындағы сарапшы-маман, зертхана маманы, қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер), инженер-медицина физигі, сәулелік жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер, инженер-радиохимик, әскери есепке алу және броньдау жөніндегі маман |
| В4 | 1 | Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты мамандар: фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі ( тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі ( стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер |
| | 2 | Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты мамандар: фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі ( тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі ( стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер |
| | 3 | Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты мамандар: фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі ( тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі ( стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер |
| | 4 | Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі ( тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі ( стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, медициналық тіркеуші, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, техник-дозиметрист, диеталық мейіргер, нұсқаушы-дезинфектор, әскери есепке алу және броньдау жөніндегі маман |
| Білім беру | | |
| В2 | 1 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер |
| | 2 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер |
| | 3 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер |
| | 4 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер |
| В3 | 1 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог, зертханашы |
| | 2 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог, зертханашы |
| | 3 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог, зертханашы |
| | 4 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог, зертханашы |
| | 1 | Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, зертханашы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| В4 | 2 | Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, зертханашы |
| | 3 | Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, зертханашы |
| | 4 | Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, зертханашы |
| Өзге де салалар | | |
| В2 | 1 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 2 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 3 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 4 | Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| В3 | 1 | Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 2 | Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 3 | Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| | 4 | Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: әлеуметтік қызметкер |
| С БЛОГЫ – Әкімшілік персонал | | |
| С1 | | ММ және МҚК шаруашылық бөлімшелерінің: интернаттың, базаның, монша-кір жуу комбинатының, шеберхананың, жөндеу-техникалық шеберхананың, музейдің, спорт құрылысының, асхананың, өндірістің, арнаулы медициналық жабдықтау қоймасының басшылары (меңгерушілері)<br>республикалық маңызы бар ММ және МҚК басшысының көмекшісі<br>Азаматтық қорғаныс штабының басшысы<br>Баспасөз хатшысы |
| С2 | | Біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: бухгалтер, программист (АТ-маманы, жүйелік әкімші), барлық мамандықтағы инженер, менеджер, экономист, заңгер консультант, нұсқаушы, инспектор, мастер, әдіскер, механик, аудармашы, мұрағатшы, кітапханашы, биохимик, статистик, технолог, мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маман, кадрлар жөніндегі инспектор, журналист, музыкалық жетекші |
| С3 | | Біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: бухгалтер, барлық мамандықтағы инженерлер, менеджер, экономист, заңгер консультант, нұсқаушы, инспектор, мастер, әдіскер, механик, аудармашы, мұрағатшы, кітапханашы, биохимик, статистик, программист (АТ-маманы, жүйелік әкімші), энергетик, барлық атаудағы техник, технолог, музыкалық жетекші<br>Мемлекеттік мекемеге және қазыналық кәсіпорынға әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің: бюроның, гараждың, іс жүргізудің, сақтау камерасының, кеңсенің, жылу қазандығының, жатақхананың, кір жуатын орынның, қойманың, шаруашылықтың, бөлімнің, сүт асханасының басшысы |
| D БЛОГЫ – Қосалқы персонал | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| D1 | | Техникалық орындаушылар: архивариус, ассистент, рұқсаттама бюросының кезекшісі, іс жүргізуші, кассир, комендант, көшіру көбейту машиналарының, байланыс жүйелерінің, компьютерлік техника (бағдарламалар), электрондық есептеу машиналарының, компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету жөніндегі оператор, күзетші, тәрбиешінің көмекшісі, хатшы, тіркеуші, кіші мейіргер, кезекші әкімші, массажист, диспетчер |

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

АТ – ақпараттық технологиялар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК